"Мейрамхана, дәмханалар және осыған ұқсас мекемелер" жолында көрсетілген қоғамдық тамақтандыру объектілерінде салтанатты және салт-жоралық шараларды жүргізуге шығыстар ескеріледі.

"Салт-жора қызметтері" жолына ескерткіш орнатуға, қайырымдылық, майшамдар сатып алуға, діни рәсімдер өткізуге шығыстар қосылады.

"Басқа да қызмет түрлері" жолында мүлікті ресімдеумен және қайта ресімдеумен; газет, радио және теледидарда жарнамаларды орналастырумен; құжаттарды ламинитаумен; визиткаларды, мөрлерді дайындаумен; ауызша және жазбаша аударумен; дәретхананы қолданумен; сыйлықтарды ораумен; базарға кірумен байланысты және тағы басқа қызметтер ескеріледі.

"Тоқсан ішінде өзге де қаржы шығыстары, теңге" 1.3-кіші бөлімінің "Бюджетке өзге де төлемдер" жолы төлемдердің келесі түрлерін қамтиды: мемлекеттік баждар және басқа да төлемдер.

"Төлемдер жүргізген үшін ақы" жолы бойынша коммуналдық қызметтер бойынша төлемдерді (комиссия) өткізгені үшін ақы кіреді.

Ақшалай қаражаттарды аудару (ақша аударымы) дегеніміз - ақша алушының шотына ақша аудару немесе оларды қолма-қол беру мақсатында ұлттық немесе халықаралық төлем жүйелері арқылы төлем жүйесінің операторларының көмегімен ақша жіберушіден алушыға ақша аударымы (қозғалысы).

"Материалдық көмек ақшалай түрде", "Өзі өндірген тамақ өнімдері түріндегі көмек" және "Өзге де трансфертер" жолдары бойынша басқа үй шаруашылықтарына берілген трансфертер және көмек туралы ақпарат көрсетіледі. Егер көмек заттай түрде берілсе, онда нарық бағасы бойынша бағалауды теңгемен жүргізу керек.

Бұл бөлімнің мақсаты үй шаруашылықтарына көрсетілетін көмектің түрі мен көлемі туралы ақпаратты алу болғандықтан, екі рет есепке алуды болдырмау мақсатында "Өзге де трансфертер" жолында "Тоқсан ішінде көрсетілетін қызметтерге және отынға жұмсалған шығыстар, теңге" журналының 1-бөлімінің 1.1-кіші бөлімінде сыйлық ретінде есепке алынған сыйлық үшін сатып алынған азық-түлік емес тауарлар және D003 нысанының "Азық-түлік өнімдерін, алкогольсіз және алкогольді сусындар, темекі өнімдерін сатып алу" 2-бөлімінде есепке алынған азық-түлік және сусындар көрсетілмейді.

"Қайырымдылық" жолына мұқтаж ұйымдарға, балалар үйлеріне, кедей адамдарға, діни ұйымдарға берілген әртүрлі қайырымдылықтар жатады.

7. "Табыстар, теңге" 3-бөлімінде жұмыс (Қазақстан Республикасы аумағында), ажырасу, оқу және өзге де (ауруханада, бас бостандығынан айыру орындарында, басқа тұратын жерге көшіп кету және басқа) себептер бойынша уақытша кеткендерді және уақытша келгендерді қоса алғанда, ағымдағы тоқсан үшін 15 жастағы және одан үлкен үй шаруашылығының әрбір мүшелерінің табыстары туралы ақпарат көрсетіледі.

Жалдамалы жұмыстан түскен табысқа жалақыны, жалақыға ұстемелерді, көтермелеу төлемдерінің ақшалай немесе заттай нысандағы барлық түрлерін, қаламақыны, сыйақыны, пайдадан түскен, еңбекке жарамсыздық парақтары бойынша табысты, жұмыстан шыгардағы жәрдемақыны, жұмыс берушіден алынатын медициналық шығыстар үшін жұмыс берушіден алынатын өтемақылар кіреді. Жеке тұлғаларда жалдану бойынша жұмыс істейтін үй қызметшілері, бала күтушілер, үй жинаушылар, аспаздар, бағбандар, хатшылар да жалдамалы қызметкерлерге жатады. Жалдамалы емес жұмыстан түскен табысқа ақшалай және заттай нысандағы кәсіпкерлік қызметтен түскен пайда, жеке шаруашылықта өсірілген ауыл шаруашылығы (өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы) өнімдерін сатудан түскен табыстар жатады. Жалдамалы емес жұмыстан түскен табысқа мұліктен пайыз

түріндегі табыс, дивидендер, рента және басқа да жеке меншіктен түскен табыс түрлері, сондай-ақ сыйлықтар мен әлеуметтік көмек кірмейді.

Жалдамалы емес жұмыстан түскен табыста "Өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, тауарлар өндіру (қайта өңдеу нәтижесінде алынған) мен қызмет көрсету" 4-бөлімінің 4.12-сұрағының 2 және 3-бағандарында көрсетілген меншікті өндіріс өнімдерін сатудан түскен табыстар да есепке алынады.

4.5 және 4.11-сұрақтардан ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен табыс та жалдамалы емес жұмыстан түскен табыска жатады.

"Табыстар, теңге" 3-бөлімінің "Жасы бойынша зейнетақы" жолына жасы бойынша азаматтық, сонымен қатар әлеуетті құрылым зейнеткерлері алатын сомасы және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі қосылады.

"Атаулы әлеуметтік көмек" жолында облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген, орта есеппен жан басына шаққандағы айлық табысы кедейліктің шегінен төмен адамдарға (отбасыларға) мемлекет ұсынатын ақшалай түрдегі төлем есепке алынады.

"Тұрғын үй көмегі" жолында коммуналдық қызметтерге шығыстары осы мақсаттарға арналған шекті рұқсат етілген шығыстардың белгіленген үлесінен асатын аз қамтылған отбасылардың дербес шоттарына мемлекет ақшалай төлем немесе ақшалай қаражатты аудару түрінде беретін көмек көрсетіледі.

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы" жолында 18 жасқа дейін балалары бар отбасыларға туғанға, 1,5 жасқа толғанға дейін бала құту бойынша, көпбалалы аналарға жәрдемақы, мүгедектігі бар тұлғалар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы және балалық шағынан бірінші топтағы мүгедектігі бар тұлғаға қарау бойынша мемлекет беретін жәрдемақы ескеріледі.

"Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" жолына мемлекеттік жәрдемақылардың, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры әлеуметтік төлемдер пайдасына жүзеге асыратын төлемдердің (ҚР Әлеуметтік кодексінің 1-тармағы 27) тармақшасы) мынадай түрлері енгізіледі:

еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;
асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;
жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;
жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларға арналған әлеуметтік төлем;

бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісіненайырулу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем.

"Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы" жолында мынадай арнаулы мемлекеттік жәрдемақы түрлері қамтылады:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;
Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар тұлғаларына;

Женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар;

Женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне;

Ауғанстанда немесе соғыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде соғыс қымылдары кезінде қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына, арнайы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне;

бейбіт уақытта әскери қызмет атқару, арнайы мемлекеттік органдарда қызмет кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына, арнайы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне;

қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына;

Чернобыль АЭС-дағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына;

сәулелену аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар тұлғаларды, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апат және басқа да радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерде болған авариялар және ядролық сынақтар өсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы);

Кенес Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Батырларына, уш дәрежелі Данқ ордендерінің кавалерлеріне, "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдарға;

"Халық қаһарманы" құрметті атағына ие болған адамдарға;

"Қазақстанның Еңбек Ері" құрметті атағына ие болған адамдарға;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға және 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысуышылардың, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аударғандардың (өз еркімен кеткендердің) қатарындағы адамдарға;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексінің 117-бабы 8- тармағында көзделген мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейінгі жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне қосымша ақы алушыларды қоспағанда, жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;

саяси құғын-сұргін құрбандарына, мүгедектігі бар тұлға болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси құғын-сұргіннен зардап шеккен адамдарға;

Қазақстан Республикасына сінірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға.

"Мемлекет беретін трансферттің басқа да түрлері" жолында келесі төлемдер есепке алынады:

үйінде тәрбиленетін және оқитын мүгедектігі бар-балаларды материалдық қамтамасыз ету;

азаматтарды жерлеуге берілетін жәрдемақы;

экологиялық апат аймағында тұрып жатқандарына байланысты біржолғы өтемақылар;

саяси құғын-сұргін құрбандарына және басқаларына ақшалай өтемақы.

"Заттай түрдегі әлеуметтік трансфертер" жолында жергілікті бюджеттен жұмыс орны бойынша және басқа қаржы көздерінен (әкімдіктерден, ардагерлер кеңесінен және басқа) көмек көрсетіледі.

"Материалдық көмек ақшалай түрде", "Заттай түрде материалдық көмек (азық-түлік емес тауарлар)" және "Өзге де трансфертер" жолдарында үй шаруашылығы туыстарынан және достарынан алған трансфертер ескеріледі. Осы жерде D003 нысанының 4-бөлімінде көрсетілген сыйлыққа алынған азық-түліктер ескерілмейді. Егер көмек заттай нысанда берілсе, онда нарық бағасы бойынша бағалауды теңгемен жүргізу керек.

Жылжымайтын мүлікті сатудан түсетін табысқа үйді, пәтерді, саяжайды және жер телімдерін сатудан түскен табыстар, саяжайды бұзуға және басқа төлемдер кіреді.

"Жеке және үй мүліктерін сатудан түсетін табыстар" көлік құралдарын, қоім-кешекті, зергерлік бұйымдар мен өзгелерді сатудан түскен табыс есепке алынады.

"Жекеменшіктен түсетін табыс (дивиденттер, салымдар бойынша пайыздар, қаламақылар)" жолында бағалы қағаздардан немесе акциялардан дивидендтер, ақшалай салымдар бойынша пайыздар, авторлық қаламақылар ескеріледі.

"Өзге де ақшалай түсімдер" жолы жоғарыда көрсетілген табыстардың санаттарында ескерілмеген барлық табыстарды, соның ішінде: зерттеуге қатысқаны үшін ақыны; мүлікті, тұрғын үйді, автомобилдерді сақтандыру бойынша төлемдерді; өмірді, денсаулықты сақтандыру бойынша төлемдерді; үй шаруашылығына тиесілі мүлікке келтірілген зиянды өтеуіне байланысты төлемдерді; мұраны; лотереядағы ұтыстарды және басқаларды қамтиды.

"Дотациялар мен женілдіктер" жолында үй шаруашылықтарының дотациялар және женілдіктер алған белгілі сомасы, соның ішінде жұмыс берушіден берілетін тауарлар мен қызметтер түріндегі материалдық иғіліктері (толық немесе ішінара төлеммен) көрсетіледі:

тамақтану және азық-тұлік өнімдеріне;

жұмыс беруші өндірген (ұсынған) тауарлар мен қызметтерге;

ұялы телефонмен әңгімелесуге;

қоғамдық көлікке арналған жолақыға;

көлік шығыстарына (қалааралық автомобильде, теміржол, әуе, теңіз және өзен жолаушылар көлігіне арналған жолақыға, такси қызметтеріне);

демалыс үйлеріне, санаторийлерге, балаларға арналған демалыс лагерлеріне жолдамаларға;

дәрі-дәрмектерге;

тісті протездеуді қоса алғанда, медициналық қызмет көрсетуге;

мектепке дейінгі мекемелерде балаларды ұстауға, балаларды оқытуға;

кәсіптік білімге;

мәдени-спорттық іс-шараларға;

тұрғын үйге, отынға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге;

мал, жемшөп сатып алуға;

арнаулы киімге, киіндіруге;

дотациялар және женілдіктердің басқа да түрлеріне.

8. "Өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін, тауарлар өндіру (қайта өңдеу нәтижесінде алынған) мен қызмет көрсету" 4-бөлімі тауарлар өндіретін және (немесе) басқа үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін, мал, құс, бал арасын немесе басқа да ауыл шаруашылығы малдары бар, жер участкесіне (учаскелеріне) қол жеткізе алатын үй шаруашылықтарына арналған.

Үй шаруашылығының жерге қолжетімділігі туралы 4.1-сұрағы зерттелетін барлық үй шаруашылығына қойылады. Егер үй шаруашылығының жеке меншігінде жер участкесі болмаса, бірақ оны жалға алатын болса, тиісінше оның жер участкесіне қолжетімділігі бар деп саналады. Жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. "Иә" деп жауап берген жағдайда келесі сұраққа көшеді, ал "Жоқ" деп жауап берген жағдайда 4.6-сұраққа көшу керек.

4.2-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. "Иә" деп жауап берген жағдайда келесі сұраққа өтеді, "Жоқ" деп жауап берген жағдайда 4.4-сұраққа көшеді.

4.3-сұрақтың "Жеручаскесін пайдалануға байланысты өзге де шығыстар" жолына саяжайды ұстауға (суландыру, жарықпен қамтамасыз ету, қорғау және тағы басқалар) кеткен шығыстар да кіреді.

4.4-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. "Иә" деп жауап берген жағдайда келесі сұраққа өтеді, "Жоқ" деп жауап берген жағдайда 4.6-сұраққа көшеді.

4.5-сұрақта 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-бағандарда есепке алу нақты көріністе жүргізіледі (килограммда немесе тоннада, гүлдерден басқа), бұл ретте жол бойынша біркелкі, ал 9, 10-бағандарда құндық (тенге) өлшем бірлігі сақталады. 10-бағаннан басқа барлық бағандарда ақпарат зерттелінетін тоқсанға көрсетіледі, оларда бұрын жасалған дайындамалар есепке алынбайды.

4.6-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. "Иә" деп жауап берген жағдайда 4.7-сұрақ қойылады, "Жоқ" деп жауап берген жағдайда 4.12- сұраққа көшеді.

4.9-сұрақта ұдайы өндіруге және өсіруге арналған тек малдардың төлдерін және құстарды; араларды, сондай-ақ малдардың етке өткізілмейтін түрлерін бұл жұмысқа жегілетін жылқылар, есектер, қашырлар және тағы басқалар сату есепке алынады.

4.10-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. "Иә" деп жауап берген жағдайда келесі сұраққа өтеді, "Жоқ" деп жауап берген жағдайда 4.12-сұраққа көшеді.

4.11-сұраққа кестеде 2, 3, 4, 5, 6 және 7-бағандар заттай нысанда, ал 8 және 9-бағандар құндық нысанда толтырылады. 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-бағандарда есепті тоқсанға алынған мал шаруашылығы өнімдері көрсетіледі, ал 9-бағанда бұдан бұрын өндірілген мал шаруашылығы өнімдерін сатудан түсімдер сомасы көрсетіледі.

Ет өндірісі сойыс салмағында есепке алынады, сондықтан үй шаруашылықтары ересек малды немесе құсты тірі күйінде өткізген кезде мал басы келесі келтірілген қайта есептеу коэффициенттеріне сәйкес етке есептеледі: ірі қара мал үшін – 0,53, қойлар үшін – 0,50, ешкілер үшін – 0,49, шошқалар үшін – 0,70, аттар үшін – 0,52, құстар үшін – 0,70, түйелер үшін – 0,53 және өзгелерге – 0,50. Олар бойынша деректер 2, 3, 4, 5, 6 және 7-бағандарға енгізіледі.

8 және 9-бағандарда қосымша ет өнімдерін есепке алмағанда, тірі малды сату құны көрсетіледі.

Сүт өнімдеріне: қаймақ, қатық, қышқыл сүт өнімдері, йогурттар, қымыз, шұбат, сүт консервілері жатады. Бұл топқа сүт қосылмайды, өйткені ол "Сіз тоқсан ішінде қандай өнім алдыңыз?" 4.11-сұрағының кестесінде есепке алынады.

Тоқаш және ұннан дайындалатын кондитерлік өнімдер жолына нан және нан-тоқаштың және кондитерлік өнімдердің барлық түрлері; шұжықтар және басқа ет өнімдеріне – үй шұжықтары, қазы, шұжық, жая, қарта, доңыз майы (шошқаның қыртыс майы), бұқтырма, ет консервілері; басқа тاماқ өнімдеріне – кептірілген жемістер, ауланған балықтар (үй шаруашылығының өзімен ұсталынған), саңырауқұлақтар және басқа тاماқ өнімдері қосылады.

Тұтыну тауарларын өндіру құны сатып алушының бағасымен (нарық бағасында) есепке алынады.

4.13-сұрақта "Сауда" жолында сүтті, етті, көкөністерді және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін, сондай-ақ үй шаруашылығында дайындалған тамақтарды және сусындарды сатудан тұскен кірісті қоса отырып, азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сатудан тұскен таза табыс есепке алынады.

"Білім беру саласындағы қызметтер" жолында репетиторлық және өзге де білім беру қызметтері кіреді.

"Денсаулық сақтау саласындағы қызметтер" жолына массаж, уколдар және басқа да қызметтер жатады.

"Тұрғын үйді жалға беру" жолына үйді, тұрғын емес (өндірістік) үй-жайларды: гараждар, қойма орындарын жалға беруден тұскен табысты және шығындарды қамтиды.

9. Есепті кезең аяқталғаннан кейін интервьюер қандай да бір сұрақтар қалып кетпегендігіне көз жеткізу үшін Журналды тағы да бір рет қарап шығып, алып кетеді. Интервьюер үй шаруашылығынан тыс жерде нысанды қайта қарап шығады, егер қандай да бір сәйкесіздіктерді тапса, қайта үй шаруашылығына барады (жеке немесе телефонмен) және жеткіліксіз ақпаратты анықтайды.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының
басшысы
2024 жылғы 25 маусымдағы
№ 11 бүйрекіна
7 қосымша



Мемлекеттік статистика
органдары құпиялылығына
кепілдік береді
Жалпымемлекеттік статистикалық
байқаудың статистикалық нысаны

Үй шаруашылығының карточкасы

Индексі D 008 жылдық (тоқсан сайын нақтылаумен) есепті кезең жыл

Респонденттер тобы – үй шаруашылықтары
Жинау планшеттік құрылымдарда немесе қағаз бланклерінде жүзеге асырылады
Ұсыну мерзімі - есепті кезеңнің 1 ақпанына (қоса алғанда) дейін (есепті кезеңнен кейінгі 20-қунге (қоса алғанда) дейін)
1. Аумақтың (елді мекеннің) атауы

2. ӘАОЖ бойынша елді мекеннің коды

<input type="text"/>				
----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

3. Елді мекен типінің коды (1 - қала, 2 - ауыл)

<input type="text"/>

4. Үй шаруашылығының коды

<input type="text"/>				
----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

5. Интервьюер коды

<input type="text"/>				
----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

6.

Бірінші аралау күні айы айы

<input type="text"/>	<input type="text"/>
----------------------	----------------------

7.

Екінші аралау күні айы

<input type="text"/>	<input type="text"/>
----------------------	----------------------

8.

Үшінші аралау күні айы айы

<input type="text"/>	<input type="text"/>
----------------------	----------------------

9.

Төртін ші аралау күні айы

<input type="text"/>	<input type="text"/>
----------------------	----------------------

Ескертпе:

ӘАОЖ¹- Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші ҚР ҰК 11-2009

I бөлім. Әлеуметтік демографиялық сипаттамалары

Жалпы
мәліметтер

	аптасына кундер саны)						
11	Д е н е шынықтыру жаттыгуымен, спортпен шүғылдануды н б ір сабағының орташа ұзақтығы (минут)						
12	1 қантар дағы жағда й бойын жыл ш а уақыт ш а жоқ (бар)						
13	Үй шаруа шылы ғы курам ындағ ы өзгері стерді көрсет уінізді өтінем із:	1 - тоқсан да					
	1 қантардағы жағдай бойынша Сіздің негізгі қызметіңіздің мәртебесі (15 жастағы және одан үлкен адамдар суралады)						
	Сіздің негізгі қызмете тіңізді н мәрте бесінд	1 - тоқсан да					

егі өзгери стерді көрсет уінізді өтінем із:	3 - токсан да						
	4 - токсан да						

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша сұрақтарға жауап нұсқаларын кодтау:

<p>2. Үй шаруашылығы иесіне қатынасы</p> <p>2 – күйеуі, әйелі 3 – ұлы, қызы 4 – әкесі, анасы 5 – ағасы, әпкесі 6 – атасы, әжесі 7 – немересі 8 – басқа деңгейдегі туыстық 9 – туыс емес (туыстығы жоқ)</p>	<p>6. Отбасылық жағдайы</p> <p>1 – ешқашан некеде тұрмаган 2 – некеде тұр 3 – тұл ер, жесір әйел 4 – ажырасқан</p>	<p>7. Білім деңгейі</p> <p>1 - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (бала-бақша, мектепалды сыныптар және 1, 2, 3, 4-сыныпта оқытын балалар, мектепке дейінгі білімі бар болған жағдайда); 2 - бастауыш білім – (4 сыныпты бітіргендер); 3 - негізгі орта білім – (9 сыныпты аяқтағандар); 4 - орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім (11 сыныпты, училище, колледж, техникум бітіргендер); 5 - жоғары білім – (университет, институт, академия бітіргендер); 6 - жоғары оқу орнынан кейінгі білім – (магистратура, аспирантура, докторантуралар бітіргендер); 7 - ешқандай білім деңгейіне қол жеткізбеген – (ешқандай білімі жоқ және 1, 2, 3, 4-сыныпта оқытын балалар, мектепке дейінгі білімі болмаған жағдайда).</p>
<p>8. Дене шынықтыру жаттығуымен, спортпен шұғылдану</p> <p>1-Иә, өз бетінше бос уақытта 2-иә, білім беру мекемелерінде 3-иә, кәсіби тұрде 4-жоқ, шұғылданбаймын</p> <p>9. Бос уақытында өз бетінше дене шынықтыру жаттығуларымен, спортпен шұғылдану орны</p> <p>1-ұйымдастырылған спорт сабактарына қатысамын (секциялар, жаттығу залдары)</p> <p>2- өзім айналысамын</p> <p>3- ұйымдастырылған сабактарға қатысамын және өзім айналысамын</p>	<p>10. Аптасына дене шынықтырумен, спортпен шұғылдану жиілігі</p> <p>1 - __ (аптасына күндер) 8 - жағдайға байланысты</p>	
<p style="text-align: center;">Кету (келу) себептері</p> <p style="text-align: center;">1 – туу</p>	<p>13. Негізгі қызметтің мэртебесі</p> <p>1 – жалдану бойынша жұмыс істеуші (жазбаша түріндегі шарт бойынша немесе ауызша уағдаластық)</p>	

12. Құрамның өзгеру статусы	2 – өлім 3 – жұмыс (Қазақстан Республикасы аumaғында) 4 – жұмыс (Қазақстан Республикасы аumaғынан тыс) 5 – неке 6 – ажырасу 7 – оқу 8 – әскердегі қызмет 9 – өзгелері (ауруханада, бас бостандығынан айыру жерлерінде, басқа мекенжайға көшіп кету және тағы басқа)	1.1 – бөлек жеке тұлғаларда жалдану бойынша жұмыс 2 – жалдану бойынша жұмыс істемеуші (өзінің жеке кәсіпорнында, жеке кәсіпкерлік қызметімен айналысады) 3 – жұмыс істемейтін және жұмыс іздеуде (жұмыссыз) 4 – зейнеткер (жұмыс істемейтін зейнеткер) 5 – окушы, студент 6 – үй шаруашылығымен, балаға немесе басқа адамдарға күтім жасаумен айналысу 7 – уақытша немесе ұзак уақыт еңбекке қабілетсіз 8 – басқа себептер бойынша жұмыс істемейтін және жұмыс іздемейтін
1 – тұрақты кетті		
2 – тұрақты келді		
3 – уақытша кетті		
4 – уақытша келді		

II бөлім. Үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайлары және ұзак уақыт пайдаланатын заттармен қамтамасыз етілуі

1. Сіз тұрыш жатқан (жалдайтын) тұрғын үйіңіз кімге тиесілі екенін айтыңызшы?

№	A	1
	Жеке меншік	X
1	үй шаруашылығының құрамына кіретін респондентке	
2	үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттерге	
	жеке тұлғаға	X
3	жеке тұлғаға ақы төлеусіз	
4	жеке тұлғаға ақы төлеумен	
	занды тұлғаға	X
5	занды тұлғаға ақы төлеусіз	
6	занды тұлғаға ақы төлеумен	
7	Мемлекеттік меншік	

2. Сіз тұратын тұрғын үйде абаттандырудың қандай түрлері бар?

A	1
Жылдыту	X
автономды жылдыту (жеке қондырғылардан, қазандықтардан жылдыту)	X
қатты отынмен	
сұйық отынмен	
газбен	
электрмен	
жаңартылатын энергия көздерінен	X
күн сәулесінің энергиясы	

жел энергиясы	
гидродинамикалық су энергиясы	
органикалық қалдықтардан алынатын отын	
Сүмен жабдықтау	X
бұлақ, өзен, көл, тоган	
Дәретхана	X
жеке кәріз (ұнғыма) жүйесі бар дәретхана	
шұнқыры бар тартылған дәретхана	
өзге де (биодәретхана)	
дәретхана жоқ	
Монша, сауна	
Тіркелген интернет	
МобиЛЬДІ интернет	
Лифт	
Домофон	
Телевизия	X
жерсеріктік	
кабельдік	
әфирлік	
Гараж	
Паркинг	

3. Егер негізгі емес тұрғын үйіңіз бар болса мына сұрақтарға жауап беріңізші (ол болмаған жағдайда келесі сұраққа көшініз)

Тұрғын үйдің типі	Сізде негізгіден басқа қандай да бір үй бар ма? иә – 1 жоқ – 2	Сізде бар негізгі емес тұрғын үйіңіздің санын көрсетіңіз (бірлік)	Сіз оны қалай пайдаланасыз? (онда жазда және бос уақытта тұрамын - 1, жалға беремін - 2, пайдаланбаймын – 3, өзге -9)
Бір пәтерлі (жеке) үй			
үйдегі бөлме			
Көппәтерлі үйлер (екі және одан да көп пәтерлі үйлер):	X	X	X
екі пәтерлі үй			
үш және одан да көп пәтерлі			
пәтердегі бөлме			
Саяжай участкесіндегі құрылыш			
Басқа құрылыш			

4. Айтыңызы, Сіздің үй шаруашылығыңызда жерді пайдалануға қолжетімділік бар ма?

Иә - 1 → 8

Жоқ - 2 → 6

5. Сіздің (18 жас және одан үлкен жаста) қолжетімдігіңіз бар жерлер туралы мәліметті көрсетіңіз?

№	A	1	2	3	4	5	6	7
	Аты							
	Үй шаруашылығының мүшесінің номірі							
	Же р учаскелерінің саны, бірлік							
	Сізге берілген барлық же р учаскелерінің жалпы алаңын айтыңызы, (сотық (ар))							

Жекеменшік түрі

1	Жеке меншігіңіз де							
2	Мемлекетten жалға алдыңыз (уақытша (қысқа, ұзақ мерзімді) же р пайдалану құқығының бар)							
3	Жеке тұлғадан жалға алдыңыз							
4	Жеке меншіктің							

өзге де нысандар ы						
--------------------------	--	--	--	--	--	--

Калай қолданылады

1	Шаруа немесе фермер кожалығы н жүргізу						
2	Жеке қосалқы шаруашыл ықты жүргізу						
3	Бақ өсіру, бақша өсіру, саяжай құрылсы						
4	Мал жаю және шөп дайындау						
5	Жалға беру						
6	Демалу						
7	Же р учаскесіні ң өзге де максатты нысандар ы						

6. Сізде қолда бар үзақ пайдаланылатын тауарлардың санын көрсетіңізші:

Үзақ пайдаланатын тауарлардың атауы	Саны (бірлік)
A	1
Теледидар	
Тасымалданатын дербес компьютер (ноутбук)	
Тоңазытқыш	
Мұздатқыш камера	
Кір жуатын машина	
Қысқа толқынды пеш	
Шаңсорғыш	
Ұялы телефон	
Женіл автокөлік	
Жүк автокөлігі	

III. Ересектерге темекіні тұтыны туралы сауал

Күрметті респондент, бұғынгі таңда темекі тарту жүрек, тамыр, тыныс алу органдарының көптеген қатерлі ауруларының онкологиялық патологияның даму қаупін тудыратын маңызды фактор болып табылады. Осыған орай, Сізге темекі тартуға өзіндік қатынасының да бағалауды ұсынамыз.

Тандалған жауап нұсқасы Сіздің аталған мәселелеге жеке көзқарасының да толығымен көрсетуі маңызды. Сізге қатысқаныңыз үшін алғыс айтамыз! Сіздің жауаптарыңыз бізге және қоғам үшін аса маңызды!

1. РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ТЕМЕКІ ТАРТУҒА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТТЕРІ

1. Сіз қазіргі уақытта темекі өнімдерін тартасыз ба? (мысалы: темекі, орамалар, сигаралар, трубкалар, темекімен кальян)	1 2 3 4	иә, күнде иә, бірақ күнде емес жоқ, мұлдем тартпаймын жауап беруге қиналамын
2. Сіз қазіргі уақытта "IQOS" (Айкос), "GLO" (Гло) тәрізді темекінің қыздыру жүйесін қолданасыз ба?	1 2 3 4	иә, күнде иә, бірақ күнде емес жоқ, мұлдем тартпаймын жауап беруге қиналамын
3. Сіз қазіргі уақытта электрондық сигареттерді қолданасыз ба (вейптер)?	1 2 3 4	иә, күнде иә, бірақ күнде емес жоқ, мұлдем тартпаймын жауап беруге қиналамын
4. Сіз бұрын темекі өнімдерін тарттыңыз ба?	1 2 3 4	иә, күнде иә, бірақ күнде емес жоқ, мұлдем тартпаймын жауап беруге қиналамын

2. ТАРТЫЛМАЙТАН ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІН ҚОЛДАНУ

5. Сіз қазіргі уақытта тартылмайтын темекі өнімдерін қолданасыз ба? (мысалы: насыбай, снюс, шайналатын не іскейтін темекі)	1 2 3 4	иә, күнде иә, бірақ күнде емес жоқ, мұлдем тартпаймын жауап беруге қиналамын
6. Сіз бұрын тартылмайтын темекі өнімдерінің түрлерін қолдандыңыз ба?	1 2 3 4	иә, күнде иә, бірақ күнде емес жоқ, мұлдем тартпаймын жауап беруге қиналамын

3. БІР КҮНДЕ, АПТАДА ТАРТЫЛАТЫН ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІНІҢ САНЫ

(сұрақ темекі тартатын респонденттерге қойылады)

7. Сіз қазіргі уақытта орташа алғанда қанша темекі өнімін тартасыз? Күнде темекі тартатын респонденттер күніне жолын толтырады. Күнде темекі тартпайтындар аптасына жолын	7.1. Өнеркәсіпте шыгарылған сигареттер	7.1.1. күніне 7.1.2. аптасына	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> дана
		7.2. "IQOS", "GLO" тәрізді темекінің қыздыру жүйесі	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> дана
		7.2.1. күніне 7.2.2. аптасына	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> дана
		7.3.1. күніне	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> дана

толтырады (бірнеше жауап нұсқасын таңдауға болады)	7.3 Электрондық сигареттер (вейп)	7.2.2. аптасына	<input type="checkbox"/> дана
	7.4. Өзге (көрсетіңіз)	7.4.1. күніне 7.4.2. аптасына	<input type="checkbox"/> дана <input type="checkbox"/> дана

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (жәкеттісін қоршаңыз)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
-----------------	-----	-----	-----	------	-------------------

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистикасы бюросы атынан Сізге ынтымақтастырыңыз берін көмегініз үшін алғыс білдіремін!

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының
басшысы
2024 жылғы 25 маусымдағы
№ 11 бүйрекіна
8 косымша

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюро
басшысының
2019 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 14 бүйрекіна
14-косымша

"Үй шаруашылығы карточкасы" (индексі D 008, кезеңділігі жылдық (тоқсан сайын нақтылаумен)) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық I бөлім. Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

1. Осы нұсқаулық "Үй шаруашылығының бақылау карточкасы" (индексі D 008, кезеңділігі жылдық (тоқсан сайын нақтылаумен)) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды (бұдан әрі – Карточка) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта мынандай анықтамалар пайдаланылады:

супервайзер – үй шаруашылықтарына зерттеу жүргізуді қамтамасыз ететін және интервьюерлердің жұмысына бақылауды жүзеге асыратын аумақтық статистика бөлімшесінің қызметкері.

3. Осы статистикалық байқау зерттелетін үй шаруашылығының барлық мүшелерінің тізімін құруға және үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайлары туралы, үй шаруашылығының жекелеген мүшелерінің ұзақ уақыт пайдаланатын

заттармен әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларды алуға қамтамасыз етілуі және темекіні тұтынуы туралы арналған.

Статистикалық байқауға халықтың тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеуге қатысатын барлық үй шаруашылықтары жатады. Карточканы жылдың басында (қантарда) интервьюер толтырады, одан кейін тоқсан сайын нысанның бірінші бөлімінің 12 және 13 сұрағы бойынша тоқсан ішіндегі тиісті өзгерістерді енгізумен нақтылау жүргізіледі.

Үй шаруашылығының иесі Карточканың респонденті болып табылады.

Үй шаруашылығының иесі ретінде еңбекке қабілетті жастағы жұмыспен қамтылған үй шаруашылығының мүшесі бола алады. Үй шаруашылығында еңбекке қабілетті жастағы жұмыспен қамтылған адамдар болмаған жағдайда (зейнеткерлердің немесе құрамында зейнеткерлер, мүгедектер, студенттер және тағы басқалары бар үй шаруашылықтары) үй шаруашылығының иесін қандай да бір табыс түрі бар үй шаруашылығының мүшелері өз бетінше анықтайды.

Карточканы толтыру кезінде интервьюер сұрақтарды мынадай үлгіде қояды: "Әдетте, осы пәтерде (осы үйде) тұратын және Сізге туыстық қатысына немесе қандай да бір себептермен қазіргі уақытта уақытша жоқтығына қарамастан сізben бірлесіп шаруашылық жүргізіп жатқан адамдарды атаңыз".

Жауаптың тиісті нұсқасы таңдалады, қажет болған жағдайда сандар, жауап нұсқасының коды және (немесе) мәтін енгізіледі. Жауаптың кате коды таңдалған жағдайда, оны сзызып тастау және дұрыс жауабын белгілеу қажет (толтыру кезіндегі анықталған қатені интервьюер сзызып тастауы және дұрыс жауабын қасына жазуы қажет).

4. Карточканың титулдық парагын интервьюер толтырады. "Аумақтың (елді мекеннің) атауы" 1-тармағында облыстың (қаланың), ауданың (қаланың) және ауылдық елді мекеннің атауы көрсетіледі. 2-5 тармақшалары интервьюерлерге супервайзерлер берген, зерттелетін үй шаруашылықтарының тізімінде көрсетілген деректемелерге сәйкес толтырылады.

5. 1-сұрақта үй шаруашылығы мүшесінің 1 нөмермен үй шаруашылығы басшысының аты жазылады. Әрі қарай, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11 нөмірлерімен үй шаруашылығының қалған мүшелерінің есімдері жазылады. Егер үй шаруашылығының құрамында 11-ден астам мүшес болса, онда қосымша бланкілер қолданылады.

6. 2-сұрақта үй шаруашылығының иесі бойынша деректер толтырылмайды. Үй шаруашылығының басқа мүшелері бойынша үй шаруашылығы иесіне қатыстырылығы сөзбен жазылады және тиісті код қойылады.

7. 3-сұрақта үй шаруашылығының әр мүшесінің туған жылды (төрт таңбамен) және айы (екі таңбамен) жазылады. Мысалы, 1972 05 немесе 1956 12.

8. 4-сұрақта жынысы жазылады: ер – 1, әйел – 2.

9. 5-сұрақта респонденттің бойы көрсетіледі (жылдың басына). Бойын дұрыс өлшеу үшін респондент қабырғаға желкесімен, жауырындарымен, бөкселерімен, балтырларымен және өкшелерімен тақалып, қатты жерге жалаң аяқ тұзу тұрады. Басты күш салмай тұзу ұстайды. Содан кейін қабырғада бас жағынан ең жоғары нүктे белгіленеді, тек содан соң ғана еденнен белгіге дейінгі арақашықтық өлшенеді. 2 (екі) жасқа дейінгі балалардың бойы жатқызылып өлшенеді.

10. 6-сұрақта отбасылық жағдайының кодтарына сәйкес отбасылық жағдайы көрсетіледі. Осы бағанды толтыру кезінде "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген ерлер мен әйелдер үшін неке жасы – 18 жас екендігі ескеріледі.

Карточкада ресми, сондай-ақ бірге тұру сияқты азаматтық одақ та белгіленеді.

11. 7-сұрақта табельмен, аттестатпен немесе оқу орнын бітіргені туралы дипломмен құжатпен расталатын қол жеткізген білімінің ең жоғары деңгейі толтырылады. Тыңдалған білім курсы туралы анықтамалардың болуы, сонымен қатар аяқтағаннан кейін сертификаттар немесе куәліктер берілетін бухгалтерлік, хатшы-референт, компьютерлік курстар да есепке алынбайды.

Қол жеткізген білім деңгейі келесі шарттарға сәйкес көрсетіледі:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – мектепке дейінгі мекемелерде (бала-бақша, мектепалды сыныптар) оқыған адамдар саналады;

бастауыш білім – 4 сыныпты бітіргендер;

негізгі орта білім – 9 сыныпты аяқтағандар;

орта білім (жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім) – 11 сынып, бастапқы кәсіптік – кәсіптік-техникалық училище (КТУ), орта кәсіптік – колледж, техникум;

жоғары білім – университет, институт, академия;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім – егер үй шаруашылығының мүшесі магистратураны (аспирантура, докторантурасы) аяқтағаннан кейін диссертация қорғаса, ол жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар болып есептеледі;

ешқандай білім деңгейіне қол жеткізбеген – үй шаруашылығы мүшесінің ешқандай білімі жоқ. Мектеп білімімен қамтылған, бірақ бастауыш (1, 2, 3 және 4-сыныптар) білімді аяktамаған балалар, мектепке дейінгі білімі бар болған жағдайда мектепке дейінгі білімі бар адамдарға жатады, мектепке дейінгі білімі болмаған жағдайда, ешқандай білімі жоқ адамдарға жатқызылады.

12. 8-сұрақта үй шаруашылығының үш жастан асқан және одан үлкен әрбір мүшесінің дене шынықтыру жаттығуымен, спортпен шұғылдануының ағымдағы жағдайы туралы ақпарат жазылады.

Жауаптар келесі шарттарға сәйкес көрсетіледі:

иә, өз бетінше, бос уақытта - дене шынықтыру жаттығуымен, спортпен шұғылдану:

- секцияларда, спорт, тренажер залдарында;

- жалпыға ортақ орындарда ашық ауада (спорт алаңдары, саябақтар) және үй жағдайында мамандандырылған жаттықтырушылардың қатысуыныз еркін нысанда;

иә, білім беру мекемелерінде - білім беру мекемелерінде дене шынықтыру сабақтары;

иә, кәсіби тұрде - дене шынықтыру, спортпен кәсіби деңгейде шұғылдану.

13. 9-сұрақта дене шынықтыру жаттығуларымен, спортпен шұғылдану орны көрсетіледі.

Жауптар келесі шарттарға сәйкес көрсетіледі:

мен үйимдастырылған спорт сабақтарына қатысамын (секциялар, спорт, жаттығу залдары) барамын - дене шынықтыру жаттығуларымен, спортпен шұғылдануға арналған арнайы үйимдастырылған орындар;

өзім айналысамын – жалпыға ортақ орындарда (спорт алаңдары, саябақтар) ашық ауада дене шынықтыру жаттығуларымен айналысамын;

мен үйимдастырылған сабақтарға қатысамын және өзім айналысамын - дене шынықтыру жаттығуларымен, спортпен айналысу үшін арнайы орындарға бару кезінде және ашық ауада және үй жағдайында өз бетінше айналысу кезінде.

14. 10-сұрақта аптасына дене шынықтыру жаттығуларымен, спортпен шұғылдану жиілігі туралы ақпарат жазылады.

Жауптар келесі шарттарға сәйкес көрсетіледі:

Аптасына күндер саны цифрмен көрсетіледі.

Егер дене шынықтыру жаттығуларымен, спортпен шұғылдану жүйелі сипатқа ие болмаса "8" кодын (ара-тұра) көрсетіңіз.

15. 11-сұрақта дене шынықтыру жаттығуларымен, спортпен айналысудың бір сабағының орташа ұзақтығы туралы ақпарат минутпен жазылады.

16. 12-сұрақта үй шаруашылығының мүшелері бойынша сауал салу кезінде уақытша жоқтарға (мысалы, әскерде жедел қызметтен өтуде, ауруханада, білім алуша) тиісті екі таңбалы кодтар (статусы, себебі) қойылады.

Келесі екі таңбалы кодтар (статусы, себебі) болуы мүмкін:

уақытша болмау кезінде – 33, 34, 36, 37, 38, 39-кодтары;

уақытша болуы кезінде – 43, 44, 46, 47, 48, 49-кодтары.

Егер кейінгі тоқсандарда үй шаруашылығы құрамы өзгерген жағдайда есепті тоқсанға (1 сәуірдегі, 1 шілдедегі, 1 қазандағы, 1 қантардағы жағдай бойынша) тиісті белгілер қойылады.

Егер үй шаруашылығының құрамында жаңа мүше (туған немесе уақытша келген) пайда болса, онда тиісті кодтар қойылады.

Тоқсанда келесі кодтар қойылуы мүмкін:

тұрақты болмауы кезінде – 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19;

тұрақты болуы кезінде – 21, 23, 25, 26, 27;

уақытша болмауы кезінде – 33, 34, 36, 37, 38, 39;

уақытша болуы кезінде – 43, 44, 46, 47, 48, 49.

Уақытша кету (келу) зерттелетін тоқсанда 2 айдан көп уақыт болмауды (болуды) болжайды.

Туу 21-кодты, өлім – 12 кодты қамтиды.

17. 13-сүрақта 15 және одан үлкен жастағы адамдардың, соның ішінде уақытша кеткендер және уақытша келгендердің пікірі сұралады.

Жалдану бойынша жұмыс істеушілер – кәсіпорында (мекемеде, ұйымда) жұмыс істейтін немесе жеке тұлғада жазбаша түріндегі шарт, келісімшарт бойынша немесе кез келген меншік нысанындағы кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігімен немесе жеке меншік жалдаушымен жасалған ауызша уағдаластық бойынша жұмыс істейтін және еңбекақы түрінде (ақшалай немесе заттай нысанда) сыйақы алушы.

Жалдану бойынша жұмыс істеушілерге сондай-ақ әскерде келісімшарт бойынша, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарында қызметін өтеп жатқан адамдар жатады.

Жалдану бойынша жұмыс істеушілерге формальды тіркеудегілер, декреттік немесе бала күтіміне бойынша демалыстағылар жатпайды, себебі олар ұзақ уақыт болмайды және жұмыстан табыс алмайды және бала күтімі бойынша төлемдер алмайды.

Жалдану бойынша жұмыс іstemейтіндер – өзінің жеке кәсіпорнында жұмыс істейтіндер, жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысады:

кәсіпорынның, фирмалық иелері немесе ортақ иелері, жеке өзі немесе бір немесе бірнеше серіктеспен өзінің жеке кәсіпорнында жұмыс істейтін, дара кәсіпкерлік қызметпен айналысатын;

ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын фермерлер;

өзінің кәсіпорнында жұмыс істейтін өндірістік кооператив мүшелері – (артелдер) – тауарлар мен көрсетілген қызметтерді өндіретін кооператив, онда өндірісті, инвестициялауды және ұйым мүшелері арасында табыс бөлуді ұйымдастыру мәселелерін шешу кезінде әркімнің құқығы кооперативтің басқа да мүшелерімен тең;

тұрақты негізде табыс әкелетін (мемлекеттік тіркеуден өткен, сондай-ақ өтпегендер) экономикалық қызметті жүзеге асыратын жеке негізде жұмыс істейтіндер;

сату үшін өнім өндіретін үй шаруашылығында жұмыс істейтіндер, сондай-ақ отбасылық кәсіпорында немесе кәсіпте көмекші ретінде жұмыс істейтіндер.

Жұмыс іstemейтін және жұмыс іздеп жүрген (жұмыссыз) – респонденттің жұмысы немесе табыс әкелетін кәсібі жоқ, оны іздеуде және оған кірісуге дайын.

Зейнеткер (жұмыс іstemейтін зейнеткер) – жұмыс іздемейтін және жұмыс іstemейтін зейнетақы алуға құқығы бар (мерзімінен ерте зейнеткерлікке шығаруды қосқанда) респондент белгілейді.

Оқушы, студент – жұмыс іздеп жүрмеген және жұмысы жоқ оқыту нысанына қарамастан оқитын студент.

Үй шаруашылығымен, балаларды немесе басқа адамдарды күтүмен айналысатын – отбасы мүшелерін күтүмен немесе үй шаруашылығымен айналысатын, жұмыс іздемейтін және жұмыс іstemейтін респондент.

Уақытша немесе ұзак уақыт еңбекке қабілетсіз – мүгедектіктің болуына қарамастан денсаулығына байланысты жұмыс іstemейді.

Басқа да себептер бойынша жұмыс іstemейтін және жұмыс іздемейтін – жоғарыда аталған себептерден басқа өзге себептер бойынша жұмыс іздемейтін және жұмыс іstemейтін үй шаруашылығының мүшесі.

18. Карточканы интервьюер екі данада толтырады. Бір данасы супервайзерге беріледі, екіншісі интервьюерде қалады. Оған тоқсандық сұхбаттарды жүргізу кезінде үй шаруашылығының құрамында болған барлық өзгерістер (егер олар болған жағдайда) енгізіледі.

II бөлім. Үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайлары және ұзак уақыт пайдаланатын заттармен қамтамасыз етілуі.

1-сұракта жауаптың бір нұсқасы таңдалады және белгіленеді:

егер тұрғын үй үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттің меншігінде болса, "үй шаруашылығының құрамына кіретін респондентке" деп белгіленеді;

егер тұрғын үй осы үй шаруашылығының құрамына кіретін бірнеше немесе барлық респонденттің меншігінде болса, "үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттерге" деп белгіленеді;

егер үй шаруашылығы туыстарының, жақындарының, таныстарының меншігіндегі тұрғын үйде тұрып жатса, сәйкесінше жеке тұлғаға "ақы төлеумен" немесе "ақы төлеусіз" деп белгіленеді;

егер үй шаруашылығы жеке меншік құқығындағы занды тұлғаға тиесілі тұрғын үйде тұрып жатса, тиісінше занды тұлғаға "ақы төлеумен" немесе "ақы төлеусіз" деп белгіленеді;

егер үй шаруашылығы мемлекеттік тұрғын үй қорының меншік құқығына тиесілі тұрғын үйде тұрып жатса, "Мемлекеттік меншік" деп белгіленеді.

2-сұракта интервьюер абаттандырудың барлық бар түрлері бойынша тиісті белгілерді қояды.

3-сұрақ негізгі емес тұрғын үйі бар үй шаруашылықтарына қойылады. Ол болмаған жағдайда 4-сұраққа өту жүзеге асырылады.

3-сұрақтың 3-бағанындағы "басқа" 9-коды бойынша жауап нұсқасына тұрғын үйді (негізгіден басқа) туыстары немесе достары ақысыз негізде уақытша пайдалануы немесе басқа да жоғарыда жіктелмеген жағдайлар жатады. Жауаптың бір нұсқасы таңдалып белгіленеді.

4-сұрақ барлық зерттелетін үй шаруашылықтарына қойылады. Егер үй шаруашылығының жеке жер учаскесі жоқ, бірақ оны жалға алатын болса, онда

олардың жерге қолжетімділігі бар деп саналады. Жерге қолжетімділігі жоқ үй шаруашылығы үшін 6-сұраққа көшу жүзеге асырылады.

5-сұраққа оң жауап берген үй шаруашылықтары (18 жастан асқан) 4-сұраққа жауап береді. Мұнда жер участеклерінің тиісті саны көрсетіледі.

Егер үй шаруашылығында бірнеше жер участекесі болса, онда олардың әрқайсысы бойынша ақпаратты толтырудың тізбектілігін үй шаруашылығының өзі анықтайды. Алдымен үй шаруашылығының пікірі бойынша бірінші участке, сосын екінші және басқа участке бойынша деректер көрсетіледі.

Егер үй шаруашылығында әртүрлі меншік түрлері және пайдалану мақсатымен бірнеше жер участекесі болса, онда олардың саны нұсқаларға сәйкес жазылады.

"Сізге берілген барлық жер участеклерінің жалпы алаңын айтыңызшы, сотық (ар)" жолы бойынша барлық қолда бар участеклердің жалпы алаңы сотықпен (армен) және бүтін сандармен ұсынылады.

"Жеке меншіктің өзге де нысандары" жауабына үй шаруашылығының туыстарынан, көршілерінен немесе достарынан ақысыз негізде уақытша қолдануға алған участекесі немесе басқа да жоғарыда жіктелмеген жағдайлар жатқызылуы мүмкін.

"Жер участекесінің өзге де мақсатты нысандары" жауабына үй шаруашылығының туыстарына, көршілеріне немесе достарына ақысыз негізде уақытша қолдануға берген участекесі немесе басқа да жоғарыда жіктелмеген жағдайлар жатады.

6-сұрақта үй шаруашылығында бар, үй шаруашылығы мүшелерісатып алғанына, жасағанына, сыйға (тегін) немесе кредитке алғанына, сондай-ақ үй шаруашылығына тиесілі басқа пәтерде немесе саяжай үйлерінде тұрганына қарамастан, ұзак уақыт пайдаланылатын заттар көрсетіледі. Жарамды немесе уақытша жарамсыз (жөндеуде жатқан немесе жөндеуді қажет ететін) ұзак уақыт пайдаланылатын заттардың қолда бары көрсетіледі. Үй шаруашылығы жөндеуге ниет танытпайтын жарамсыз тауарлар есепке алынбайды. Егер ұзак пайдаланылатын тауар туыстарына немесе таныстарының біреуіне уақытша тұтынуға, жалға берілсе, онда олардың қолда бары міндettі түрде есепке алынады.

III. Ересектергетемекі тұтынуы туралы сауал алу

Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) темекіні қальян арқылы тарту (темекімен қальян) –темекі шегушіге жетпес бұрын, тұтін су немесе басқа сұйықтық арқылы өтетіндей етіп жасалған, хош иістендірілген немесе хош иістендірілмеген темекі шегуге арналған бір ұнғылы немесе көп ұнғылы қуралмен темекіні тұтыну түрі;

2) орама темекі – қолдан жасалған сигара немесе папирос;

3) өндірісте шығарылған темекілер - өнеркәсіптік тәсілмен дайындалған, кесілген шикізаттан тұратын, темекі қағазымен оралған шегілетін темекі бұйымының түрі;

4) сигаралар және сигариллалар – сигара және басқа шикізаттан дайындалған және көптеген қабаттары бар шегілетін темекі бұйымының түрі: кесілген немесе

бөлшектелген сигара және басқа шикізаттан жасалған салма, сигара немесе басқа шикізаттан жасалған салма және қалпына келтірілген темекіден немесе целлюлоза және темекі негізінде дайындалған арнайы қағаздан жасалған сигаратемекі жапырағынан жасалған орама;

5) темекі өнімдері – шегу, сору, шайнау немесе іскеу үшін пайдаланылатындей етіп жасалған, шикізат материалы ретінде толығымен немесе ішінара темекі жапырағынан дайындалған өнімдер;

6) трубка – арнайы дайындалған және кесілген темекіні тартуға арналған құрал;

7) тұтынудың электрондық жүйесі -никотинді жеткізудің электрондық жүйелері және никотин емес өнімді жеткізудің электрондық жүйелері, электрондық технология арқылы пайдаланушы жұтатын, құрамында никотин бар немесе жоқ сұйықтықты, басқа химиялық заттарды (картридждегі, резервуардағы және басқа контейнерлердегі), аэрозольді түзетін хош иістендіргіштерді қыздыратын құрылғы.

8) темекіні қыздыру жүйесі –құрамында никотин бар аэрозольді түзумен темекіні қыздыру үшін пайдаланылатын құрылғы ("IQOS" (АЙКОС), "GLO" (ГЛО).

9) снюс –әртүрлі формада болатын, және шайнайтын темекі ретінде қолданылатын түтінсіз темекі өнімі. Никотин ағзаға енүі үшін жоғарғы ерін мен қызыл иектің арасына 5-30 минутқа орналастыратын ұсақталған, ылғалды темекі болып табылады;

Статистикалық байқауға халықтың тұрмыс деңгейі бойынша іріктемелі зерттеуге қатысатын үй шаруашылықтары жатады. 15 жас және одан үлкен жастағы үй шаруашылығының бір мүшесі респондент ретінде танылады.

1-бөлімдегі темекі тарту немесе темекіні тартып көрудің (өмірінде бір немесе екі рет тартып көру) сирек жағдайлары "жоқ, мұлдем тартпаймын" санаты бойынша ескеріледі.

2-бөлімде респондент тартылмайтын темекі өнімдерін қолдану, мысалы ііскейтін темекі, насыбай және өзге де шайнайтын темекі түрлері туралы сұрақтарға жауап береді.

3-бөлімді темекі тартатын респонденттер толтырады, яғни бөлімнің 1 және 2-сұрақтарына оң жауап берген респонденттер. 3-бөлімдегі 7-сұрақта интервьюер қораптардың санын емес, темекі өнімдерінің санын данада тіркейді. Егер респондент темекінің аптасына бір реттен аз тартатынын көрсетсе, онда темекі өнімдерінің санын аптасына дана түріне қайта санап, көрсету қажет. З бөлімде "өзге" нұсқасына қолданылуы бір реттік дозада өлшенетін насыбай, шайналатын не ііскейтін темекі және т.б., кіреді (күніне, аптасына қолданылған дозаның саны).

Саял салуды аяқтаған соң интервьюер қандай да бір сұрақтар қалып қоймағандығына көз жеткізу үшін Карточканы қайта қарап тексеріп шығады және үй шаруашылықтарына көмектескендері және ынтымақтастығы үшін алғыс айтады.

Интервьюер үй шаруашылығынан тыс жерде нысанды қайта қарап шығады және қандай да бір сәйкессіздік тапса, онда үй шаруашылығына қайта хабарласады (жеке немесе телефонмен) және жетіспейтін ақпаратты анықтайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК